

# *АРЫС*

*Дайындаған: Әкімбек Әлімжан*

*Әскери-медициналық факультет 1 курс 119А*

*Тексерген: Қойшыгулова Гулшат*

*Ақтөбе 2017*

# АРЫС

Арыс – Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала.

Арыс қаласының әкімдігіне Арыс қаласы мен 6 ауылдық округ кіреді.

Ауылдық округтер: Ақдала, Байыркүм, Дермене, Задария, Жиделі, Монтайтас және Қожатоғай.

Қазіргі таңда Арыс қаласының аумағында 64,7 мың адам тұрады. Оның ішінде Арыс қаласының ішінде 37,6 мыңға жуық адам.

Жергілікті атқарушы орган - Арыс қаласының әкімдігі. Қала әкімдігіне қарасты 13 атқарушы орган өз қызметін жүзеге асырады.



# Тарихы

Арыс қаласының алып өлкесінің көне тарихы, тарих қойнауының тереңінде жатыр.

Археологтардың қазба жұмыстарына сүйенсек, біздің эрамызға дейінгі IV-III ғасырларда Арыс өзенінің сағасында оғыз, қыпшақ, қанды, дулат, найман, қоңырат және басқа да тайпалар мекендеген. Олар мал өсірумен қатар, үйлестірілген суландыру жүйелерін жасап, диқаншылықпен, жер өңдеумен, қолөнермен, сауда-саттықпен де айналысқан.

Өлкенің бай тарихына сүйенетін болсақ, аумақта 3000-ға жуық қорғандар орналасқан.

Біздің эрамыздағы I-VIII ғасырларда жергілікті жерлерде қалалар мен қалышықтар салынған, шапқыншылық кезінде қалашықтар бұзылып қайта жаңғыртып салынып отырған.

. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласында Ресей патшасының өкілдері келе бастады, олардың мақсаты жоңғар шапқыншылығынан қорғау еді. Осы жағдай Ресеймен экономикалық, сауда-саттық қатынасты жақсартып, одан әрі қарай теміржол құрылыс жұмыстарының басталуына үлкен себеп болды.

# Арыс қаласы құрылынуының хролоногиялық тәртібі

-1905 жылы теміржол құрылысы басталды;

-1907 жылы Арыс стансасы салынды;

-1928 жыл 17 қаңтарда Арыс ауданы құрылды;

-1932 жыл 11 наурызда Арысқа жұмысшы поселкесі мәртебесі берілді;

-1956 жыл 31 шілдеде Арыс аудандық бағыныстағы қала мәртебесіне ие болды;

-1965 жыл 10 желтоқсанда Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен Арыс қаласы Бөген ауданы Шымкент облысының облыстық бағыныстағы қала болып атанды;

-1988 жыл 25 шілдеде Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен Арыс қаласы мен Бөген ауданы біріктіріліп, орталығы Арыс қаласы болды;

-1989 жыл 13 қарашада Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен Бөген ауданындағы Монтайтас ауылдық кеңесі мен Чардара ауданының Тахыркөл ауылдық кеңесі Арыс қаласына өтті;

-1992 жылы Арыс қаласы ауылдық аймақтары бар қала болып құрылып, қаланы басқару Арыс қаласының әкіміне өтті.



# Арыс өзені

- **Арыс** - Сырдарияның оң жақ саласы. Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен. Ұзындығы - 378 км, алабының ауданы - 14900 км<sup>2</sup>. Ақсу-Жабағылы қорығына жақын Шақпақ бұлағынан (Қаратау мен Талас Алатауының аралығында) бастау алып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының Талапты ауылы маңында Сырдария өзеніне құяды.

# Атау тарихы

- Ерте кездерде батысында Сырдарияның, шығысында Кіші Қаратау жотасын, оңтүстігінде Арыс өзенінің аңғарын, солтүстігінде Арыскүм, Арыс көлі арқылы Ұлытау, Көкшетау өңірлерінің аралығын ежелгі сақтың Арыс тайпасы мекендеген. Арыс тайпасының негізгі бөлігі б.д.д. 2-ші мыңжылдықта Еуропаға қоныс аударған. Әйгілі ғұлама Анарыс б.д.д. 8 ғасырда өзінің ата жұрты қазақ даласы туралы "Аримаслалар" эпосын жазып қалдырған. Анарыс туралы мағлұматтарды Т.Жұртбаев өзінің 1994 жылғы "Дулыға" атты тарихи шығармасында "Арыстар (Арыс тайпасы) туралы деректер көптеп кездеседі" деп жазады. Ә.Байпатша "Қазақ даласының ежелгі тарихы" атты кітабында Арыс тайпасының Сарыарқа, Жезқазғандағы тау-кен ісін меңгергендігі, Абайыл кен орнын тапқаны туралы құнды деректер келтірген. Қорыта айтқанда, қазіргі Арыс өзені, Арыс қаласы, Арыс көлі, т.с.с. атаулар осы тайпаның мекендеген жеріне атын қалдырған жер-сулар. Бізге жеткен ең ежелгі шынайы әділеттілік ілімі Дала заңдары – «Білік», Арыс би дананың өсиеттері. Арыс би үш мыңдай жыл бұрын өмір сүрген. Оның құрметіне Оңтүстік Қазақстандағы Арыс өзенінің атауы берілген.



Дермене – асыл шөп. Бойы 50 сантиметрге дейін өсетін жартылай бұталы, көпжылдық өсімдік. Оңтүстік Қазақстанда, Арыс өзенінің бойында ғана кездесетін эндемик өсімдік. Гүл жармай тұрғанда, жапырақтарында улы зат – сантонин пайда болады. 1830 жылы дермене жусанының құрамынан алғаш рет кристалды «сантонин» деп аталатын шипалық қасиеті өте жоғары препарат алынды. Бұл препарат тек қана дермене жусанынан ғана дайындалады. 1880 жылы Шымкент қаласында дермене жусанынан сантонин өндіретін арнайы зауыт салынды



Арыс өзені Дермене ауылын айналып ағып өтеді. Бойына талай сыр бүккен өзен жағалауы – сан ғасырлар куәсі. Көне Отырар шежіресі, әл-Фараби бабамыздың іздеріне, Абылай ханның жан-тәсілім еткеніне куә болған өзен. Шәмші атамды тәнті еткен табиғат сыйы. Кезінде КСРО астанасы Мәскеуге тікелей қараған ауылдың тұрғындары ауырамын деп еш қорықпайды. Кейде мен Арыс өзенінің бойында қоныстанған дерменелік тұрғындар қандай бақытты деп те ойлаймын. Себебі – туған өлкемде дәрілік шөп көп. Тек Табиғат-Ана сыйының бағасын біліп, қатарын молайтуға –өз үлесімізді қоса алсақ болғаны.1977 жылы ОҚОда 5 қорық Дермене және жусанды-соранды эфемер өсімдіктер тобын қорғау үшін құрылған.Олар:Ақдала ,Бөріжар ,Жамбыл,Темір,Шалдар.





АРЫС

Арыс-батырлар қаласы



Арыс-тоғыз жолдың торабы,  
Орта Азияның қақпасы

# Арыс теміржол вокзалы

1928



2015








# АРЫС ШИПАЖАЙЫ







*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
А Рахмет!*